

Жоғары оқу орнына түсуші талапкерлер назарына!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2019-2020 оқу жылына шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының келесі топтарына: В004-Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау (Бастапқы әскери дайындық мамандығы), В005- Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау (Денешынықтыру және спорт мамандығы), В006- Музыка мұғалімдерін даярлау (Музыкалық білім мамандығы), В007-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау (Бейнелеу өнері және сызу, Кәсіптік оқыту мамандықтары), В025- Дәстүрлі музыка өнері (Дәстүрлі музыка өнері мамандығы), В028-Хореография (Хореография мамандығы), В031-Сән, интерьер дизайн және өнеркәсіп дизайны (Дизайн мамандығы), В042-Журналистика және репортер ісі (Журналистика мамандығы) оқуға түсуші талапкерлерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін 2019 жылдың **20 маусым мен 7 шілде** аралығында құжаттар қабылдайды.

Талапкерлер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТ сертификатын (бар болса);
- 5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса).

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: 120014, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 66. Тел. 23-53-92

Маршруттар: №6, №5, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №17, №18, №20, №21, №22, №31

Аялдама: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-ші оқу ғимараты.